

8D02310-Филология бағыты бойынша философия докторы (Phd)  
ғылыми дәрежесін алу үшін ұсынылған Серкебаева Гаухар  
Искабековнаның «Кодекс Куманикус жазба ескерткіші лексикасының  
қазақ тілімен сабақтастығы» тақырыбындағы диссертациялық  
жұмысына

## Пікір

Әр ғасырда дүниеге келген тарихи жазба ескерткіштер қазіргі түркі тілдерінің бастау бұлағы. Тарихи жазба ескерткіштер тілін тану, олардың ішкі заңдылықтарын аша түсу, зерттеу барысында олардың түркі тілдерімен байланысын, тарихи – генетикалық сабақтастығын тану, оны ғылыми тұрғыдан дәлелдеу бүгінгі лингвисттер мен тюркологтардың міндеті. Түбі бір түркі әлемінің мәдени қазынасы болып табылатын әдеби - тарихи жәдігерлер көне тарих тереңінен сыр шертеді. Осындай бағалы орта ғасырлық ескерткіштердің бірі «Кодекс-Куманикус».

Дүниежүзілік түркітану тарихында өзіндік орны бар орта ғасырлық ескерткіші Кодекс-куманикус жазба ескерткіші лексикасының қазақ тілімен сабақтастығын, қазіргі қазақ тілімен байланысын анықтау, оған жаңаша сипат беру, ұрпақ үлесі. Докторант Г.И. Серкебаева осы жазба ескерткішті жаңа қырынан таныту мақсатында жетістікке жету үшін үлкен еңбек еткен. Олай дейтін себебіміз, жазба ескерткішінің фонетикасы қазақ тілімен салыстырмалы түрде қарастыруымен, жазба ескерткіш лексикасындағы лексикалық мағыналарының кеңеюі мен тарылуы, ескерткіш тілінде қолданылған көп мағыналы сөздердің қазіргі қазақ тілімен ортақтығы, ескерткіш тіліндегі кейбір сөздердің көмескіленуі, уақыт өте келе оларға жаңа мағынаның үстелуінің себептерін айқындаған. Ескерткіштің сөздік қоры мен лексикалық қабатының қазіргі қазақ тіліне қатысы қаншалықты екендігі статистикалық жолмен сараланған. Ескерткіштегі омоним, антоним, синоним сөздердің жазба ескерткіш тіліндегі көрінісі мен қазіргі қазақ тіліндегі қолданылу деңгейі анықтаған. Жазба ескерткіш лексикасындағы түркі монғол тілдеріне ортақ лексикалық бірліктерді алғаш рет ажыратқан. Көнерген лексикалық бірліктерінің ескіру уәждерін дәлелдеуімен, кірме сөздер (түркі – парсы, түркі – араб, қытай., соғды, славян, украин, латын, еврей, армян, т.б) анықтап статистикалық зерттеу жүргізген. Жазба ескерткіштегі кәсіби сөздер мен термин сөздер



*Handwritten signature*

анықтай отырып, жазба ескерткіш тіліндегі диалектілерді ажыратқан. Жазба ескерткіштегі фразеологизмдердің қазіргі қазақ тілінде қолданылу деңгейі нақтыланып, сандық көрсеткішін көрсеткен, қазіргі қазақ тілінде қолданылу аясын қарастырған. Ономастикалық атаулар антропонимдер, топонимдер, этноним, теоним, мифоним, библионим, геортоним, фитонимдер ажыратқан. Сондай-ақ, «Кодексе Куманикус» ескерткішінің әр жылдары шыққан нұсқаларындағы тілідік бірліктерге (Г.Куун, К.Гренбек, В.В.Радлов, В. Дримба, Ә.Құрышжанов, А.Гаркавец, М.Аргуншах, Г.Гүнер) фоно-морфо-семантикалық талдау жасап, сөздік құрамның тақырыптық - семантикалық топтарын ажыратып, түркі тілдерімен салыстырған, әр жылдары шыққан лингвистикалық түркологиялық еңбектерді тиімді қолдана отырып салыстырмалы талдау жасаған. Г.И.Серкебаева алғаш рет зерттеу жұмысында жазба ескерткіштің әр жылдары шыққан нұсқаларындағы көшірушілер тарапынан кеткен қателіктермен жұмыс істеп мысалдармен дәлелдеген.

Диссертациялық жұмыстың нәтижелері автор жасаған тұжырымдар мен қорытындылар қазіргі ғылыми тіл білімінің және әлемдік түркітану ғылымының жетістіктеріне негізделген. Ғылыми жұмыс нәтижелері диссертацияға қойылатын талаптар деңгейіне сәйкес және зерттеу жұмысының алдына қойған мақсат-міндеттері нақты, қорғауға ұсынылған тұжырымдары айқын. Диссертант жұмысының қорытындылары толығымен жаңа болып табылады. Жалпы алғанда диссертация классикасылық жазу талаптарын сақтап сауатты жазылынған. Ғылыми жаңалығы және практикалық маңызы жоғары. Диссертациялық жұмыс бағытына сәйкес, алынған нәтижелер мен қорытындылар барлық бөлімдердің мазмұнын ашады және жоғарғы сенімділік дәрежесімен сипатталады.

Жоғарыда айтылған мәліметтерге сәйкес жұмыстың авторы Серкебаева Гаухар Искакбековнаның 8D02310-Филология мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға лайықты жұмыс деп есептеймін.



Туркия, Фырат Университеті  
ф.к.д., проф  
Ержан Алкая